

1. Балалардың әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар барлық жас топтарында жүйелі жүргізілсін.
2. Балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктері ескерілсін.
3. Балалар арасында жағымды қарым-қатынас пен өзара сыйластықты қалыптастыруға бағытталған ойындар мен жаттығулар жүйелі қолданылсын.

6-мәселе бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер Адилхан М педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері бойынша ақпарат берді.

2026–2027 оқу жылында педагогтердің біліктілігін арттыру, семинарларға, вебинарларға, әдістемелік іс-шараларға қатысу, өзара тәжірибе алмасу және кәсіби портфолио қалыптастыру жұмыстарына басымдық беру қажеттігі атап өтілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Педагогтердің кәсіби даму жоспары әзірленсін.
2. Педагогтер әдістемелік семинарларға, практикалық жұмыстарға және тәжірибе алмасу іс-шараларына белсенді қатыссын.
3. Әр педагог оқу жылы барысында өзінің кәсіби жетістіктерін жинақтап, тәжірибесін таратуға бағытталған жұмыстар жүргізісін.
4. Әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуына әдіскер Адилхан М жауапты болып белгіленсін.

7-мәселе. Әртүрлі мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша Әдіскер Адилхан М 2026–2027 оқу жылында ата-аналармен өзара ынтымақтастықты күшейту, ата-аналарға консультациялық қолдау көрсету, педагогтер мен ата-аналардың бала тәрбиесі мен дамуына қатысты ортақ жауапкершілігін арттыру мәселелеріне тоқталды. Сонымен қатар мерекелік, танымдық және тәрбиелік іс-шараларды өткізу кезінде балалардың жас ерекшеліктерін, қауіпсіздігін және психологиялық жай-күйін ескеру қажеттігі айтылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Ата-аналармен жүйелі кері байланыс ұйымдастырылсын.
2. Ата-аналарға бала тәрбиесі, дамуы және бейімделуі бойынша консультациялық көмек көрсету жұмыстары жүргізілсін.
3. Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес тәрбиелік және әдістемелік іс-шаралар ұйымдастырылсын.